



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты  
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for  
students and young scholars  
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір  
11 апреля 2014 года  
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2014»  
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
IX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS  
of the IX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2014»**

**2014 жыл 11 сәуір**

**Астана**

**УДК 001(063)**  
**ББК 72**  
**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».  
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.  
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001(063)**  
**ББК 72**

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті, 2014

ойнайды. Олар туралы былай деп айтады: **Тайдайынан бал тамды -Өнері асқан әнші және шешен адам туралы айтылады.** Осы топ ішінде таңдайынан бал тамған әнші, өнерлі жастар да бар (М.Әуезов). Бұл мысалдағы бал архетипі шабыт, шешендік және поэзия нышаны болып табылады.[5, 664]

Осылайша, «бал» компоненті бар фразеологиялық бірліктерге талдау жасай отырып, олардың арасынан қазақ ұлтының іс-әрекет түрін, тұрмыс-тіршілігін айқындайтын стереотиптер, ынталандыру мен белгілі бір образдарды құратын символдар бар екенін бекітуге болады.

Демек, тағам түрлері, олардың сапалық белгілері ұлттық ерекшеліктерге өте бай, ұлттық болмыстың көрінісін табады, тілдік бейнелер арқылы беріледі, ұлттық дүниетанымның бөлшегі болып қалады. Ұлттық тағаммен байланысты туған бейнелер және бейнелі ауыстырулар ұлттық мәдени «тағам кодын» жасап, тілдік құрал арқылы сөздік қордың белсенді мағына беріп келеді.

Ұлттық тағам элементтері, мәдениеттің құндылығы ретінде ерекше қарастырылады, сонымен қатар мәдениеттің тағам құпиясының коды ретінде болып айқындалады, ал бұл тілдік қабат деңгейінде қарастырылады. Мәдениеттің құпия коды бұл тарихи қалыптасқан құқықтық құндылықтағы жүйе, оның мәні мәдени ақпаратта, ұлттық болмыстың дүниетанымы туралы мәлімет жатыр. Соның негізінде халық мәдени түсінігін және тілдік заңдылықтарын дүниетанымын жүйелейді.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Маслова В. А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2001, 35с.
2. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Издательство: Языки русской культуры, 1996, 18 с.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008, 103 с.
4. Кенжеахметұлы С. Казахские народные традиции и обряды. Перевод с казахского З.С.Кенжеахметовой. –Алматы.: Ана тілі, 2000, 52 с.
5. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007, 113-664 с.

**УДК: 373.2:004.42**

#### **ШЕТЕЛ ТІЛІН ЕРТЕ ЖАСТАН ОҚЫТУДАҒЫ КОМПЬЮТЕР ОЙЫНДАРЫ**

**Амантаев Еркебулан**

*Amantayev\_92@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің ШТ-41тобының студенті  
Ғылыми жетекшісі - А.Тулегенова

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында шет тілін ерте жастан оқыту науқаны кең өріс алып жатыр. Соған байланысты бұл науқанды ойдағыдай, үлгілі ұйымдастыру сабақ берудегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Балаларды оқытудың ең тиімді әдістерінің бірі ойындар арқылы жүзеге асырылатыны бәрімізге белгілі. Шетел тілі сабаған ойын арқылы оқыту әдістемесінің мәселелері бұдан бұрын Г.В. Роговая, И.Н.Верещагина, Е.Л.Плассова, Д.Б. Эльконина, Е.Л.Негневичкая, А.К. Кусаинова, Кадырова А.С., Нургалиева Г.К. сияқты методистер мен психологтардың еңбектерінде қарастырылған болатын. Алайда қоғам үздіксіз даму үстінде және сонымен бірге шетел тілін оқыту әдістемесі де өзгеріп, дамиды. Жаңа технологиялардың пайда болуына сәйкес ойындар да жаңа формаларға өтеді. Сондай формалардың бірі – компьютер ойындары. Сонымен,

компьютер ойындары шетел тілін ерте жастан оқыту әдістемелерінің тиімді әрі заманауи түрі болып табылады. Біздің зерттеулеріміздің өзектілігі осымен анықталады.

Ғылыми жұмыстың зерттеу пәні шетел тілін үйренудегі компьютер ойындары.

Ғылыми жұмыстың мақсаты ерте жастан шетел тілін оқытудағы компьютер ойындарын қолдану процесі.

Бұл мақсатқа жету үшін біз алдымызға бірнеше міндеттер қойдық:

1. Шетел тілін оқытудағы ойын ұғымын анықтап алу.
2. Шетел тілін оқытудағы компьютерді қолданудың маңыздылығын анықтау.
3. Балаларға арналған компьютер ойындарын классификациялау.
4. Бастауыш мектеп оқушыларына ағылшын тілін үйретуге ыңғайландырылған

компьютер ойындарын құрастыру.

Шетел тілін оқыту білім жүйесінде әрқашан міндетті бағдарламаға кіретін. Алайда қазіргі таңда шетел тілі пәндері ерте жастан бастап оқытыла береді. Ағылшын методисті Г. Пальмер тіл үйренудің алғашқы кезеңдеріне көбірек көңіл бөле отыра, «Ең маңыздысы, бастапқы деңгейді ыңғайластыру қажет, ал содан кейін бастапқы деңгей өзі-ақ қалған деңгейлерді ыңғайластырады» деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, сол ең бастапқы деңгейде шетел тілін оқытудың негізі болып табылатын әдістемелік жүйе жүзеге асырылады және мұғалімнің жүйеге бірден еніп, балаларды соған сәйкес оқыта беруіне мүмкіндік жасайды. Мектеп алдында қойылған білім беру, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін шешудегі пәннің потенциалды тәрбиелік мүмкіндіктері ашылатын жағдайларға, ауызша және жазбаша тіл ретін құруды ұйымдастыруға және тілдік материал мен оның көлеміне қатысты бастапқы деңгейді ұйымдастыру әр түрлі болуы мүмкін. Орта мектепте бастапқы деңгей дегеніміз ол шет тілін үйренудегі коммуникативті компетенттілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін кезең және содан кейін шет тілі курсы барысында бұл қабілеттерді дамыта түсуге болады. Әдетте оқытудың бастапқы дәрежесі ретінде 1-4 сынып деңгейі қарастырылады.

Коммуникативті компетенттілік негіздерін қалыптастыру үшін біршама уақыт қажет, себебі оқушылар алғашқы қадамдарынан бастап шетел тілін сөйлесу құралы ретінде қарастыра білуі тиіс. Яғни олар шетел тілін ести білу (тыңдау), сол тілде өз ойын жеткізу (сөйлеу), берілген мәтінді оқып, түсіну, жазу, яғни сол тілдің графикасы және орфографиясымен танысу немесе өз ойын жазбаша жеткізуге үйренуі керек. Шынымен де, әрбір жоғарыда атап өтілген тіл қызметі элементтерінің негізін қалыптастыру үшін олардың әрбіреуін қарапайым коммуникативті деңгейде жұмыс істеуге жағдай жасайтын және ары қарай келесі деңгейге оңай өтуге мүмкіндік беретін тілдік құралдар жинақтау қажет. Алғашқы оқу сатысының тағы бір маңыздылығы осында – ол келесі сатыны жетік меңгеріп, толықтай игеру үшін аса маңызды болып табылады.

Компьютер арқылы жүзеге асырылатын негізгі әдістемелік функцияларды атап өтейік:

- Ақпараттық
- Жаттығу функциясы
- Басқару-түзету функциясы
- Коммуникативті функция
- Ұйымдастырушы-ынталандырушы функция

Оқыту процесіндегі ойынның маңыздылығы туралы көптеген педагогтар айтып кеткен. Өйткені ойын барысында адамның, әсіресе баланың түрлі қабілеттері толығырақ ашыла түседі. Ойын - ол эмоция және ақыл-ой қызметін талап ететін ерекше ұйымдасқан әрекет. Ол әрқашан белгілі бір шешімдер қабылдауға, ұтуға, сөйлеуге және іс-әрекетке жігерлендіріп, жандандырады. Ойын барысындағы мәселелерді шешуге талпыныс ойыншылардың әр түрлі ойлау қабілеттерін қоздырып, дамытады. Оған қоса ойындағы бала шет тілінде сөйлесе, бұл оқытудың кең мүмкіндіктерін ашады. Бала бірақ бұны үйрену деп түсінбейді, өйткені ол үшін ойын ең алдымен көңілді іс-әрекет. Сондықтан да оқытушыларды сабақ беру мен тәрбиелеудің осы түрі аса қызықтырады. Ойында барлығы

тең. Ойынды үлгерімі төмен оқушылар да ойнай алады. Сонымен қатар тілдік дайындығы әлсіз оқушы бұл жерде алдыңғы қатарға шығуы мүмкін, себебі ойын ойнауда тапқырылық және зеректік кейде пәндік білімнен маңыздырақ болады. Теңдік сезімі, қызығушылық пен қуаныш атмосферасы, тапсырмаларды орындау ыңғайы - балаларға шет тілі сөздерін еркін қолдануға кедергі жасайтын ұялшақтықты жойып, оқыту процесінде айтарлықтай нәтижеге жетуге мүмкіндік жасайды. Тілдік материал бейсаналы жолмен бекітіліп, балаға қанағат сезімін әкеледі.

Балалар ойыны әр түрлі болады. Бала өзін ұшқыш сезінетін, ал орындықтарды зымыран ұшақтардай елестететін спектакль түріндегі рөлдік ойындар немесе алдын ала шарт қойылатын және қатысушылар арасында өзіндік сайысу сезімін тудыратын тығылыспақ, қуаласпақ ойындары.

Сөздік материалды құрастыру тұрғысынан ойын сөйлеу қабілетін жаттықтыру болып табылады. Сонымен қатар ойынды ситуативті-вариативті жаттығу ретінде қарастырсық, ол шынайы жағдайларға тән эмоционалдылыққа, спонтандылыққа жақын сөйлеу үлгісін көп рет қайталап, жаттығуға мүмкіндік жасайды. Ойындар балалардың сөйлесуге психологиялық дайындығы, тілдік материалды қайталауды қамтамасыз етуі, оқушыға спонтанды жағдайларда қажетті тіл материалын таңдап үйренуі сияқты түрлі әдістемелік мәселелерді орындауға септігін тигізеді.

Шетел тілін оқытудағы компьютер ойындарының маңызы. Шетел тілдерін оқытудың қазіргі заманғы тенденциялары әдістемелік парадигманың түбегейлі өзгеруімен және оқытудың техникалық, технологиялық жаңаруымен тығыз байланысты. Бұл жаңа оқыту құралдарын, яғни мультимедиялық компьютер бағдарламаларын пайдаланудан байқалады.

Қарапайым сабақты компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып, екеуін үйлестіре өткізу оқыту процесін айтарлықтай түрлендіре түсіп, оны қызығырақ, интенсивтірек әрі тартымдырақ етеді. Бірақ осылай бола тұра, компьютер мұғалімнің орнын баспайды, компьютер оны толықтырып, «оң қолының» рөлін атқарады. Әрбір сабақ оқушылардың ынтызарлығын, құштарлығын оятып, тағы да үйренуге ұмтылыс тудыру керек. Оқытудың бұл әдісі оқытушылар үшін аса ыңғайлы, себебі бұл оқушының қабілеттері мен білімін нақтырақ әрі жақсырақ бағалауға, оны түсінуге мүмкіндік береді, жаңа, ерекше оқыту әдістерін іздеп, ойластыруға итермелейді. Бұл мұғалімдерге өз шығармашылық қабілеттерін ашу үшін көптеген мүмкіндіктер туғызады.

Шетел тілін оқытудағы компьютерлік технологиярдың міндеттері келесіде: оқыту міндеттерін, оқу қабілеттерін дамытып, қалыптастыру; әр түрлі қиындық деңгейіндегі Интернет материалдарын пайдалану; аутентикалық материалдар негізінде тыңдау дағдыларын дамыту; жазбаша тіл дағдыларын дамыту; әріптестерге жеке немесе жазбаша жауаптар құрастыру; реферат, шығарма дайындауға қатысу; қоғамның белгілі әлеуметтік, саяси даму деңгейін көрсететін активті және пассивті сөздік қорын толықтыру; сөйлеу этикетін, түрлі халықтардың сөйлесу ерекшеліктерін, оқытылып жатқан тіл мемлекетінің мәдениеті және дәстүрін қамтитын мәдениеттанулық ақпаратпен танысу; сабақ барысында шетел тілінде сөйлеудің тұрақты мотивациясын қалыптастыру.

Замануи оқыту құралдары қарым-қатынастың жаңа түрлерінің пайда болуына ықпал етуімен қатар қазіргі заман мәдениетінде БАҚ туралы дәстүрлі түсінікке қарағанда басқа мәнге ие болған жаңа мәселелер мен шешімдердің пайда болуына әсер етуде.

Қазіргі заман баласы туғанынан бастап медиа-ортада өмір сүреді. Электронды ойындар, ойын приставкалары, компьютер мектеп оқушыларының бос уақытының біраз бөлігін алып отырады. Сол арқылы олардың психофизиологиялық тәрбиесі мен тұлғалық қадымдасуына белгілі бір әсер қалдырады. Теледидар, видеомагнитофон, калькулятордың функцияларын үйлестіре келе, компьютер бала үшін әмбебап ойын-сауық құралы болып табылады да оқытушыға баланың оқу-тәрбие процесін түрлендіріп, дараландыруға және жоғарғы психикалық функцияларын дамытуға, коммуникативті ынталандыру жасауға, сөйлеу дағдыларын, интеллектін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын дамытуға кең мүмкіндіктер ашады. Компьютерді бастауыш

мектептерде қолдануға байланысты отандық және шетелдік зерттеулер бұның жарамдылығымен қоса баланың жеке дамуы және ақыл-ой өрісінің өсуіндегі ерекше маңыздылығын атап өтеді (С.Новосёлова, Г.Петку, С.Пейперт, Б.Хантер және т.б.). Көптеген ізбасарлардың көзқарастарымен келісе отыра, біз баланы бастауыш сыныптарда шетел тіліне үйретудегі компьютердің басты мақсаты - ол баланың жан жақты дамуы, компьютер арқылы шынайы өмірдегі сөйлесу жағдайларына дайындалуы, компьютерді шығармашылық қабілеттер мен сапала тілдік дағдыларды қажет ететін әр түрлі коммуникативті жағдайларда көмекші ретінде қабылдау. Сондықтан жекеленген компьютер ойындарын бастауыш сыныптарға шетел тілін үйрету процесіне жүйелі түрде сәйкестендіре отырып кіріктіру керек. Біздің зерттеуімізде осы тәріздес ойындардың кіріктірілген үлгілері берілген:

1. Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық дағдыларын қалыптастыруға арналған дайындағыш компьютер ойындары. Бұл бөлімшеде біз фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ойындар жоспарлап қойғанбыз.

2. Тіл иеленушілермен сұхбаттасуда қажет коммуникативті және когнитивті қабілеттерді дамытатын шығармашылық компьютер ойындары. Бұл ойындардың бірегей графикалық ерекшеліктері баланы компьютердің қасында жаратушы сияқты сезіндіріп, фантазиясы мен шығармашылық ойларын жүзеге асыруға көмектеседі. Соның арқасында баланың ішкі жан дүниесі дамып, сыртқа көріне бастайды, шетел тіліне қатысты қызығушылығы мен зеректігі, зейіні дамиды.

Алайда балаларды компьютер ойындары арқылы оқытуды қай жастан бастау керектігі туралы бірнеше пікірлер бар және олар бір біріне қарама-қайшы келеді. Біздің пікірімізше, бұл тақырыпқа қарсы скептикалық ойлар толықтай негізделмеген және жеткілікті нақты дәлелдері жоқ. Түрлі психолог, педагог және дәрігерлердің зерттеулеріне сүйенетін болсақ, егер белгілі эргономикалық, гигиеналық және пайдалану нормаларын сақтасақ, компьютер ойындарымен жұмыс жасау барысында бастауыш сынып оқушыларына зиянды әсер болмайды. Балалар сабақ кезінде өздерін еркін ұстап, күрделі техника алдында ешқандай қорқыныш сезінбейді, ал бұл дегеніміз компьютер техноогияларын игерудегі ілгері жылжудың кепілі. Сонымен бастауыш сыныптарды шетел тіліне үйретуде компьютер ойындарын пайдалану оқушылардың оған деген қызығушылығын арттыра түседі. Өйткені әрбір сабақ – шағын белгілі бір мақсатқа бағытталған ойын, онда әрбіреуінің өз жұмысы бар, барлығына қызық, барлығы процеске қатысуда. Бағдарламалардың түрлі түсті безендірілуі, анимациясы балалардың белсенділігін күшейтіп, ассоциативті ойлау қабілетін дамытады, ал дұрыс ретімен таңдалған тапсырмалар ыңғайлы әрі оңтайлы ынтымақтастық және бірлестік атмосферасын құрады.

Қорыта келе айтатын болсақ, бастауыш сыныптарды шетел тіліне үйретуде компьютер ойындарын пайдалану олардың шығармашылық дамуына жағымды әсер етеді, тіл дағдылары мен коммуникативтілік қабілеттерінің дамуы мен жандануына ықпал етеді, танымдық белсенділікті ынталандырып, бала шығармашылығын дамытады. Соның нәтижесінде балаларда шетел тілін ары қарай үйренуге қажетті тілдік және коммуникативтік база қалыптасады.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Скаткин М. Н. Совершенствование процесса обучения. М., «Педагогика», 1998, с. 123
2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному языку.– М.: Просвещение. 1999., с. 55-56
3. Эльконин Д. Б. Москва: Директ-Медиа, 2008. - 703 с.
4. Е. И. Негневицкая, Изд-во "Наука", 1981, с.101
5. <http://ru.wikipedia.org/wiki>
6. The Communicative Approach to Language Teaching/Ed. By Brumfit, K. Johnson.- Oxf.: Oxf. Univ. Pr., 1981.-243p.
7. Stern H.H. Fundamental Concepts of language Teaching.-Oxf.: f. Univ. Pr., 1984.-122p.
8. Widdowson H.G. Learning Purpose and Language Use.- xf.: Oxf. Univ. Pr., 1984-582p.

9. Higgins H., Johns T. Computers in Language Learning.-Lnd: Collins Edicational, 1984.-192-195p.
10. Davies Gr. Using Computers in Language Learning: a Teacher's Guide.-Lnd.: CILT, 1985.-164.
11. Jones K., Fortescue S. Using Computers in the Language Classroom.-Lnd: Logman, 1987.-154p.
12. Higgins J. The Computer and Grammar Teaching//Computers in English Language Teaching and Research/Ed. by G. Leech and Chr. Candlin.-Lnd and NY: Longman, 1986.-P.31-45.
13. Kenning M.J., Kenning M.-M. Introduction to Computer Assisted Language Learning.-Oxf.: Oxf. Univ.Pr., 1984.-195 p.
14. Тихомиров О.К., Лысенко Е.Е. Психология компьютерной игры/Новые методы и средства обучения.-М.: Знание, 1988. –Вып.1.-С.30-66.
15. Журавлев А.П. Языковые игры на компьютере. Книга для учащихся старших классов средней школы.-М.: Просвещение, 1984.-144с.
16. Евдокимова М.Г. Проблема использования компьютерных языковых игр в работе над рецептивной лексикой (английский язык, неязыковой вуз): Авторев. дис. ... канд. Пед. Наук.-М., 1992.-25с7
17. Жаксимбетова К.К. “ Информационно-коммуникационные технологии в обучении иностранному языку”//Шетел тілің оқыту әдістемесі – Методика обучения иностранному языку, 2007, № 2, с. 8-15;
18. Концепция информатизации системы образования Республики Казахстан на 2002-2004 годы, от 6 августа 2001 года № 1037;
19. Актуальные проблемы учебниковедения/А.К. Кусаинов, У.А. Асыллов. М.: Просвещение, 2003. – 86
20. Кадырова А.С. Особенности моделирования электронного учебника в системе профессионально-педагогического образования// Авторев. дис....канд. пед. Наук, Усть-Каменогорск, 2000
21. Нургалиева Г.К., Кадырова А.С. Принципы отбора содержания электронного учебника//Тез. докл. IX научн. конф. «Наука и образование Казахстана на пороге третьего тысячелетия». - Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ, 2000. - С. 17-18.
22. Озганбаев О.О., Бельгибаев Б.А., Кадырова А.С. Обучение на базе электронного учебника по педагогике, как основа информатизации профессиональной подготовки учителя.// Республиканская научно-практическая конференция «Экономическое образование на рубеже нового тысячелетия: проблемы взаимодействия языка и экономики». 23-24 ноября 2000 г.- Алматы: КазГУМОиМ

**УДК:811.11:811.512.122**

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БЕРІЛУІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ**

**Асқарова Айнамкөз Ермекқызы**

*ainamkoz0803@mail.ru*

М.Өтемісов атындағы БҚМУ 4курс студентті, Орал, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Г.Н.Кисметова

Ағылшын және қазақ тіл білімдерінің сан-салалы теориялық ұстанымдары бүгінгі күнде аудармаға қатысты зерттеулердің негізгі бағыт-бағдарын анықтауға, маңызды қорытындылар шығаруға мүмкіндік беретіндіктен, бұл тілдердегі материалдарды бір-біріне шебер аударудың жалпы және жеке лингвистика шеңберіндегі өзіндік заңдылықтарын сұрыптау және осы тұрғыдағы жұмыстардың өзге ізденістер қатарында алар орнын нақтылау қажеттігі ғалымдардың алдына тың мәселелер қойып отырғаны даусыз. Осыған орай, ағылшын тіліндегі біріккен сөздерді қазақ тіліне берудің түрлі әдіс-тәсілдері де құнды зерттеулердің дүниеге келуін қамтамасыз етер алғышарттар қатарын құрауда. Ағылшын тіліндегі біріккен сөздер мен олардың қазақ тіліндегі баламаларын тексеру бүгінгі тіл